

*М. Ж. ЫБЫШЕВ, ҚР ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС КАФЕДРАСЫНЫҢ ОҚЫТУШЫСЫ*

## ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ КЕПІЛДІК

Бұлтартпау шарасының даму процесі тарихтың даму процесімен байланысты. Бұл бұлтартпау шарасының маңыздылығы қоғамдық ұйымның жазбаша міндеттеме беруі болып табылады, ол айыпталушының сот, прокурор, тергеуші және анықтау жүргізетін тұлғаның шақыртуы бойынша келуіне және өзін дұрыс ұстауына кепіл береді. Айыпталушының өзін дұрыс ұстауы немесе тәртібі және

шақыруға келуі беделді адам және оған қоғамдық ұйым немесе еңбек ұжымының ықпал етуімен қамтамасыз етіледі. Бұлтартпау шарасын қолданудың маңызды шарты кепіл беруші болып табылатын қоғамдық ұйымға басқару органдарының тарапынан сенім болып табылады. Бірақ бір жағынан, ұйымның қылмыс жасады деген сезіктінің, айыпталушының жеке басына сенімнің толық болуы керек. Бұл жағдайда айыпталушының жеке басын ұжымның моральді бағалауы маңызды рөл атқарады, осының негізінде айыпталушының «дұрыс тәртібіне» деген сенімділік немесе сенімсіздік туындайды. Аталған бұлтартпау шарасына жеке кепілдік ұқсас болып келеді. Жеке кепілдік қылмыстық процестегі кепілдіктің үш нысанының бірі, ол Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде қарастырылған. Жеке кепілдік тергеушінің кепіл берушілерге сенімімен негізделеді. Анықтауды жүзеге асыратын тұлғаларға, тергеушіге, прокурорға ақпаратты жинау, тергеу әрекеттерін жүргізу, анықтамаларды және басқа да құжаттарды талап ету қажет, соның негізінде кепіл берушілер — айыпталушының қылмыстық ісін жүргізуіне қарсы іс-әрекетіне жол бермеуге қабілетті, сенімді тұлғалар болып табылуы керек. Жеке және қоғамдық кепілдіктер арасында жалпы ұқсастықтар болуымен қатар айырмашылықтарда бар. Жеке кепілдікте айыпталушының дұрыс тәртібі және келуіне нақты тұлғалар міндет етіп алады (оның ішінде олар туысқандары, таныстары, жұмыстағы қызметкер, лауазымды тұлға болуы мүмкін). Қоғамдық ұйымның кепілдігінде кепіл беруші ретінде қоғамдық ұйым ұжымы, еңбек ұжымдары соған қатысады, бірақ олардың жеке мүшелері қатыса алмайды. Қоғамдық кепілдік өмірлік емес екендігі жөнінде көптеген ғалымдар өз ойларын айтқан, мысалы, профессор М. Строговичтың айтуынша: «қылмыстық жауапкершілікті заңды тұлғалар емес жеке тұлғалар, жеке азаматтар мойнына алады; ал ұжымдық кепілдікте барлық ұжым мүшелеріне жауапкершілік жайылады немесе оның органына беріліп, соның негізінде ешқандай жауапкершілік құрылмайды». Мүмкін, соның негізінде қоғамдық ұйымдар кепілдігі қолданылмаған бірақ бұл кепілдіктің үшінші нысаны мүліктікке жатпайды. Бұл берілген кепілдік нысанының артықшылығы қоғамдық кепілдікте сияқты барлық ұжым қатыспайды және жеке кепілдікте сияқты екі кепіл берушінің болуы талап етілмейді, ал мұнда жеке меншігі бар тұлға ретінде қатысады, ол белгілі бір құндылықты құрайтын затты мүліктік кепілдік ретінде қолдана алады. Мүліктік кепілдіктің қолданылуы айыпталушыда экономикалық мінездеме тұрғысынан ниеттер туындайды, оны шақыру бойынша міндеттерді орындауға және шақыру бойынша келуіне жалтармауға мәжбүрлейді. Егер айыпталушының өз міндеттерін дұрыс орындамау жағдайында кепілдеме болып табылатын мүлік соттың депозитіне өтеді. Мұндай кепілдеме нысанын қолдануда жеке ретінде - жеке кепіл берушілерден ақшалай өндіру арқылы алынады, ал айыпталушыға одан да ауыр бұлтартпау шарасы қолданылады қоғамдық ұйымдардың кепілдікті қолдануда кепіл берушілер ешқандай жауапкершілікті мойнына алмайды, ал айыпталушыға одан да ауыр бұлтартпау шарасын қолданады.

Біздің ойымызша, айыпталушының тергеушіге келуінің және дұрыс тәртібінің қамтамасыз етілуі орташа қамтамасыз етілген, яғни, мүліктен айырылып қалудан қорқатын тұрғындарға осы мүліктік кепілдіктің қолданылуының негізінде жүзеге асады. Мүліктік кепілдеме айыпталушының өз міндеттерін бұзбау өзіне байланысты жеке және қоғамдық кепілдік қолданған жағдайда тергеушілерде, анықтау органдарында қызығушылық туындайды, олар кепіл берушіге сенуге болатын барлық құжаттарды бекітеді.